

ОЙЫЛ

ҚАРАТАЛДАҒЫ МЕРЕКЕ

АУДАНДА КӨКТЕМГІ СУ ТАСҚЫНЫ САЛДАРЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛҒАН ЖОҚ. ДЕГЕНМЕН, ХАЛЫҚТЫҢ КӨҢІЛІ ОРНЫҒА БАСТАҒАНЫНА ҚАРАТАЛ СЕЛОСЫНДАҒЫ МЕРЕКЕЛІК ШАРАДА КӨЗІМІЗ ЖЕТТІ. АҒЫН СУДЫҢ АРНАСЫНА ТАЯУ ТҰРҒАН ҚАРАТАЛ АУЫЛЫ АЛА ЖАЗДАЙ ҮЛКЕН ҚҰРЫЛЫС АЛАҢЫ БОЛДЫ.



Тұрғын үйлерді салудан бұрын тасқынның салдарын жою жұмыстары ұзаққа созылғаны жасырын емес. Мемлекет тұрғын үйін салып берді. Құрылысшылармен жағаласып, қора-қопсысын реттеген тұрғындар мал азығын да жинақтап алды. Тұрғын үйлердің алды пайдалануға беріле бастағанда-ақ көңілдері бірлене бастаған қараталдықтардың қуанышын бүгінгі мереке көрдік. Өйткені, кеше кешеуілдеп болса да, ауылға көгілдір отын құбыры қосылды.

Шығанақ Берсиев атындағы мектепте өткен шараның шымылдығы ауыл мұғалімдері мен оқушылардың Әнұранды орындауымен ашылды. Тұрғындарды мемлекетіміздің басты мерекесі – Республика күнімен құттықтаған аудан әкімі Асқар Қазыбаев «Ел басына күн туғанда етігімен су кешкен» бір топ азаматқа алғыс хатын ұсынды. Қаратал ауылы үшін мемлекет тарапынан жасалып жатқан игіліктер мен алдағы жоспарларды жеткізді. Яғни, бүгінгі күні ауылда 60 орындық балабақша бой кө-

терсе, келер жылы 150 орындық ауыл клубы мен кітапхана салынады. Туған жерлерін қалпына келтіруде жұдырық болып жұмылған халыққа жүрек жарды лебізін айтты. Аудандық мәдениет үйінің көркем өнерпаздарының күшімен дайындалған концертке ауылдың өнерлі жастары да атсалысып, жерлестеріне ән мен жырдан шашу шашты. Мерекелік шараның соңында ауыл ағасы, еңбек ардагері Ерсултан Максимов ел азаматтарына ауылдастарының алғысын жеткізді.

МЕРЕЙЛІ СӘТ – МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

Осыдан тура 34 жыл бұрын 25 қазан күні Жоғарғы Кеңестің №307 қаулысымен Қазақстанның декларациясы қабылданып, Тәуелсіздікке нық қадам жасалды. Қазақстанды бүгінде әлем жұртшылығы нарықтық экономикалы – демократиялық ел ретінде таниды. Елімізде халықтар достығы жақсы сақталып келеді. Қазір Қазақстан – көп елдермен терезесі тең, елдік рәміздері анық, мәртебесі беделді мемлекет. Ұлттық мерекеге орай аудандық мәдениет үйінде «Қазақтан – туған елім, ұлы өлкем» атты салтанатты шара өтті. Жұртшылықты аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтап, Қазақстанның Тәуелсіздігін нығайтуға, еліміздің қоғамдық-саяси тұрақтылығын сақтауға, Ақтөбе өңірінің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі мен игі қызметі үшін бірнеше азаматқа Ақтөбе облысының әкімі Асхат Шахаровтың алғыс хатын табыстады. Одан кейін Ойыл аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруашылығы бөлімі басшысының орынбасары Ақмарал Есбаыроваға «Ойыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» медалін табыстады. Сонымен қатар, 25 қазан – Республика күні-



не орай бір топ азаматқа өз атынан алғыс хатын ұсынса, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин көмекке мұқтаж азаматтарға қолдау білдіріп, материалдық жағынан көмек көрсеткені үшін «ВФ. ЭлитҚұрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Сәбит Кендебаевқа жылы лебізімен алғыс хатын табыстады. Салтанатты сәттің соңында аудан әкімі Республика күні мерекесіне орай ауданның

білім саласында талмай еңбек етіп, қазіргі таңда зейнеткерлікке жетіп, еңбегінің жемісін көріп отырған Халықтық «Ақ әже» ансамблінің мүшесі Роза Қитановаға 70 жас мерейтойына орай құттықтау хаты мен сый-сияпатын ұсынды. Сондай-ақ, Құмжарған ауылдық кітапханасының кітапханашысы Гүлшара Бисеноваға «Қазақстанның Құрметті Кітапханашысы» тесбелгісін табыстады. Мерейлі сәт мерекелік концертке ұласты.

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА ОҚЫТУ ОЙЫЛДА ОЙДАҒЫДАЙ АЯҚТАЛДЫ!



«AMANAT» партиясының осы жобасы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтан қолдау тауып, Үкіметке тапсырма берілгені ерекше атап өту қажет. Мемлекет басшысының: «Қаржылық сауаттылықты арттыру - еліміздің әрбір азаматының міндеті. Біз халықты қаржылық біліммен қамтамасыз етіп, жауапты қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруымыз керек», - дегені осыны

көрсетеді. Қазіргі уақытта еліміз бойынша «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында тұрғындарды қаржылық сауаттылыққа оқыту белсенді түрде жүріп жатыр. Ойыл ауданында бұл оқыту курсы бір жарым ай бойы өткізілді. Жобаның мақсаты - халықтың қаржылық білімін арттырып, қарыздардан аулақ болуға көмектесу. Жоспар

бойынша 250 адам қатысып, оқуды өткен аптада тәмамдады. «Осы жоба арқылы қаржылық сауаттылықты арттыруға және жауапты қаржылық мінез-құлықты қалыптастыруға үлкен үлес қостық. Біз алдағы уақытта да осындай бастамаларды қолдап, қоғамымыздың қаржылық мәдениетін дамытуға ниеттіміз», - дейді ұйымдастырушылар.



ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛУ - 2025

Аудандық «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНЕ «ҚАЗПОЧТА» АҚ АРҚЫЛЫ 2025 ЖЫЛДЫҢ І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҒЫНА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР!

ИНДЕКС	ЖАЗЫЛУШЫЛАР САНАТЫ	6 АЙ
65525	ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА	3515,22
66525	ЗАҢДЫ ТҮЛҒАЛАРҒА	6796,86
67525	ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖАЗЫЛАТЫНДАРҒА (БАРЛЫҚ ЗЕЙНЕТКЕРЛЕРГЕ)	3070,90

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ: 2-11-07, 2-19-02 (РЕДАКЦИЯ) 2-19-98 («ҚАЗПОЧТА» АҚ)

ӨКІЛДІ ОРГАННЫҢ КЕШЕГІСІ МЕН БҮГІНІ



Жергілікті халық депутаттары Кеңесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы заң қабылданғаннан кейін 1993 жылғы 10 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдары туралы» Қазақстан Республикасының заңы қабылданып, жергілікті жердегі халықтың өкілді органы ретінде мәслихат-депутаттар жиналысы болып айқындалды.

Алғашқы Ойыл аудандық мәслихат-депутаттар жиналысындағы аудандық мәслихат депутаттарының 1-шақырылымына 15 депутат 5 жыл мерзімге 1994 жылдың 7 наурызында сайланды. Мәслихат-депутаттар жиналысының алғашқы сессиясында тиісті сайлау округтерінен сайланған депутаттар аудан әкімі Қ-К. Аманбаевтың ұсынысымен халық депутаттары аудандық Кеңесі төрағасының орынбасары, №9 Жекенді сайлау округінің депутаты Аман Атағалиевты аудандық мәслихат-депутаттар жиналысының хатшысы етіп бірауыздан сайлады. Осы сессияда мәслихат-депутаттар жиналысының жұмыс регламенті мен жоспары бекітілді.

Ауданның экономикасын көтеру және әлеуметтік жағдайын жақсарту, жергілікті халықтың әл-ауқатын арттыру және әр саланың қызметін бақылау мақсатында 4 тұрақты комиссия құрылып, оның мүшелері мен төрағалары депутаттар арасынан сайланды. Бірінші шақырылған мәслихат-депутаттар жиналысына сайланған депутаттар арасында ауылшаруашылығы саласының майталмандары Отар Қлипанов, Олжабай Ғаббасов, Дәулетжан Доспамбетов, Өтесін Қошқаров, Мырзахмет Ағыбаев, Желен Жалмұханов, Мұрат Нұғыманов, Тілектес Сағынова, Таңжарбай Мұқтаров, денсаулық сақтау саласының үздігі Әбдіғали Аралов, мәдениет саласынан Сәдуақас Жоланманов сияқты аға буын өкілдері болды.

«Бірі мініп келместің кемесіне, бірі күтіп өнекей жағада тұр» деп ақын жырлағандай, олардың көбі қазір арамдызда жоқ. Тірілеріне ұзақ ғұмыр тілейміз.

Екінші шақырылым депутаттары 1999 жылдың 10 қазанында кезекті депутаттар сайлауында сайланды. Бұл кезеңдегі тарихи сәттің бірі – депутаттар бас қосу жиналысының атауы «Мәслихат» болып қайта аталды. Екінші шақырылым депутаттарының өкілеттігі 4 жыл болып белгіленіп, аудандық мәслихатқа 12 депутат сайланды. 1999 жылдың 27 қазанында өткен ұйымдастыру сессиясында депутат И.Балпашевтың ұсынысы бойынша Шәймерден Берғалиевтің, депутат С.Қойбағаровтың ұсынысы бойынша Тыныштыбай Шалабаевтың кандидатурасы мәслихат хатшылығына ұсынылып, дауыс беру қорытындысымен аудандық еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің меңгерушісі Шәймерден Берғалиев аудандық мәслихат хатшысы болып сайланды.

Үлкенге сыйлы, кішіге ізетті, басқару саласының талай баспалдағынан өткен Шәймерден аға осы қызметті екі шақырылым бойына 2007 жылдың қыркүйегіне дейін абыроймен атқарды. Өткер атпал азаматтың өмірі 55 жасында ерте үзілді.

Екінші шақырылымда мемлекеттік басқару саласынан Тыныштыбай Шалабаев, ауылшаруашылығы саласынан Темірхан Әжиязов, Бағдат Әбиев, Серік Рысбаев, Иван Балпашев, Уәли Имағамбетов, Аманғали Өмірғали, денсаулық сақтау саласынан Қанат Майланов, Катя Жылқышева, журналист Серікбай Қойбағаров сынды өз ісіне адал азаматтар депутат болып сайланды.

Бір атап өтерлігі осы шақырылымда депутат болып сайланған Аманғали Өмірғали кейін III-IV шақырылымда №27 Ойыл сайлау округінен Ақтөбе облыстық мәслихатына депутат болып сайланып, қызметін абыроймен атқарды. Мемлекеттік басқару саласының ардагері Тыныштыбай Шалабаев ағамыз күні бүгінге дейін ауданның қоғамдық-саяси өміріне белсене араласып жүр.

Үшінші шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы 2003 жылдың 20 қыркүйегінде өтіп, сайлау округтерінен 12 депутат сайланды.

Алғашқы ұйымдастыру сессиясы 2003 жылдың 1 қазанында өтті. Депутаттардың бірауыздан қолдауымен мәслихат хатшысы болып Шәймерден Берғалиев екінші рет, Берік Бисекенов тексеру комиссиясының төрағасы болып сайланды.

Аудандық мәслихат депутаттары болып, ауылшаруашылығы мамандары Сисен Бердембаев, Иван Балпашев, Алтынбек Шауменов, Жәнібек Бюрин, Бақтыбай Иманов, Берік Бисекенов, білім саласынан Бекен Жантолы, Саян Сүлейменов, Асылбек Мәрғалиев, Ержан Нұрқас, медицина саласынан Манат Нұртанова сайланды. Кейіннен осы шақырылым депутаттары Бекен Жантолы Қараой ауылдық округінің, Саян Сүлейменов Ш.Берсиев атындағы округтің өкімі болып, Ержан Нұрқас аудандық білім бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

Төртінші шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы 2007 жылдың 18 тамызында өтіп, сайлау округтерінен 12 депутат сайланды. Алғашқы ұйымдастыру сессиясы 2007 жылдың 3 қыркүйегінде өтті.

Депутаттардың бірауыздан қолдауымен мәслихат хатшысы болып Берік Бисекенов сайланды. Аудандық мәслихат депутаттары болып мемлекеттік-саяси жұмыстар саласынан Шәймерден Берғалиев, Марат Бекетаев, ауылшаруашылығы мамандары Смағұл Шойынов, Жоныс Иманғалиев, білім саласынан Алтынай Наурызова, Абзал Балпашев, Зоя Бозшиева, Абат Мұбаратов, Кенжебай Қазбағамбетов, медицина саласынан Қайрат Алтымов, Аяғұл Әлжанова сайланды. Депутаттардың өз міндеттерін атқаруына, олардың халықпен тығыз байланыста болуына «Нұр Отан» ХДП Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары, №4 Абай сайлау округінің депутаты Марат Мұқайұлы Бекетаев ағамыздың көп еңбегі сінді. Бастаған істі аяғына дейін жеткізгенше тыным таппай, мемлекет мүддесін жан аямай қорғаштайтын, нағыз патриот Марат ағамыздың жүрегі 2008 жылдың ақпанында іссапарда жүрген кезінде кенеттен тоқтады, ол бар болғаны 57 жаста болатын.

Бесінші шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы 2012 жылдың 15 қаңтарында өтіп, сайлау округтерінен 12 депутат сайланды. Алғашқы ұйымдастыру сессиясы 2012 жылдың 20 қаңтарында өтті. Депутаттардың бірауыздан қолдауымен мәслихат хатшысы болып Берік Бисекенов екінші рет сайланды.

Аудандық мәслихат депутаттары болып мемлекеттік-саяси жұмыстар саласынан Еркін Жиеналин, ауылшаруашылығы мамандары Талғат Бердембаев, Серік Мусин, Жұмабай Жақып, білім саласынан Алтай Дәулетов, Әлия Сукашева, Байқадам Нұрғазин, Нұрлыгүл Таушанова, Зоя Бозшиева, Гүлнар Жакиева, медицина саласынан Жолдас Қамбаров сайланды. Кейіннен №2 Құрманов сайлау округінің депутаты Сукашева Әлияның жол апатынан қайтыс болуына байланысты, оның орнына Рая Оралбаева, №3 Масатов сайлау округінің депутаты Қамбаров Жолдасстың басқа жаққа қоныс аударуына байланысты оның орнына Сәндібек Нұрбаев аудандық мәслихат депутаты болып сайланды.

Алтыншы шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы 2016 жылдың 20 наурызында өтіп, сайлау округтерінен 12 депутат сайланды.

Алғашқы ұйымдастыру сессиясы 2016 жылдың 24 наурызында өтті. Депутаттардың бірауыздан қолдауымен мәслихат хатшысы болып Берік Бисекенов үшінші рет сайланды.

Аудандық мәслихат депутаттары болып ауылшаруашылығы мамандары Исатай Берғалиев, Берген Жұмырбаев, Жұмабай Жақып, Жақсылық Хамзин, Спартак Төрмұратов, білім саласынан Дана Жолдыбаева, Ырғызбай Қосдаулетов, медицина саласынан Сәндібек Нұрбаев, Қайрат Алтымов, басқа саладан Айсұлу Мамбетова, Рая Оралбаева сайланды.

Кейіннен №5 Берсиев сайлау округінің депутаты Алтымов Қайраттың кенеттен қайтыс болуына байланысты, оның орнына Берік Көздіғарин, №7 Көптоғай сайлау округінің депутаты Жолдыбаева Дананың ауыр науқастан қайтыс болуына байланысты оның орнына Еркін Жиеналин аудандық мәслихат депутаты болып сайланды. 2019 жылдың 4 қаңтарында аудандық мәслихат хатшысы Б.Т.Бисекеновтің басқа жұмысқа ауысуына байланысты оның депутаттық өкілеттігі тоқтатылып, аудандық мәслихат хатшысының міндетін 25.06.2019 жылға дейін депутат Айсұлу Мамбетова, 25.06.2019-14.01.2021 жж. депутат Еркін Жиеналин атқарды.

Жетінші шақырылымдағы аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы 2021 жылдың 10 қаңтарында өтіп, бұл сайлауда алғаш рет партиялық тізімдер бойынша 11 депутат сайланды.

Алғашқы ұйымдастыру сессиясы 2021 жылдың 14 қаңтарында өтті. «Nur Otan» партиясы ОАФ депутаттық фракциясының ұсынысы бойынша депутаттар Сәкен Займолдиннің және Еркін Жиеналиннің кандидатуралары аудандық мәслихат хатшылығына ұсынылып, ашық дауыс беру қортындысымен Сәкен Ғазизұлы Займолдин мәслихат хатшысы болып сайланды.

Аудандық мәслихат депутаттары болып: Қазақстан Халық партиясынан Аңсаған Ғазез, «Nur Otan» партиясынан Исатай Берғалиев, Сәндібек Нұрбаев, Нұрсұлтан Даулетқалиев, Жақыт Есқалиева, Жұмабай Жақып, Еркін Жиеналин, Сәкен Займолдин, Мейрамгүл Омарова, Айдана Табынбаева, «Ауыл» ХДП-нан Серік Сармұханов сайланды.

Осы шақырылымда «Nur Otan» партиясының партиялық тізімімен сайланған Айдана Табынбаеваның басқа жаққа қоныс аударуына байланысты оның орнына Алтынгер Ақбисенова депутат болып сайланды.

Сегізінші шақырылымдағы

аудандық мәслихат депутаттарының сайлауы 2023 жылдың 19 наурызында өтіп, Конституцияға енгізілген өзгерістерге сәйкес бұл сайлауда бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша 11 депутат сайланды.

Алғашқы ұйымдастыру сессиясы 2023 жылдың 30 наурызында өтті. «AMANAT» партиясы ОАФ депутаттық фракциясының ұсынысы бойынша депутат Сәкен Займолдиннің кандидатурасы аудандық мәслихат төрағасы болып сайланды.

Аудандық мәслихат депутаттары болып Қазақстан Халық партиясынан Сағдат Қабдығалиұлы, «AMANAT» партиясынан Сәндібек Нұрбаев, Еркін Жиеналин, Сәкен Займолдин, Жангүл Ізғарина, Өркен Ақеділов, Назгүл Ешпанова, Тілекбай Әміров, Алмагүл Зұлқарнаева, «Ауыл» ХДП-нан Самғат Оралов, өзін-өзі ұсыну тәртібімен Дастан Аманғосұлы сайланды.

Осы шақырылымда «Nur Otan» партиясынан сайланған Зұлқарнаева Алмагүлдің басқа жаққа қоныс аударуына байланысты оның орнына Сайран Саматұлы, «Ауыл» ХДП-нан сайланған Самғат Ораловтың басқа жаққа қоныс аударуына байланысты оның орнына Айболат Оралов депутат болып сайланды.

Аудандық мәслихат тарихында осы отыз жыл ішінде депутаттық корпусқа 86 азамат сайланды.

Депутаттық корпусының жұмысын қаржылық-әдістемелік қамтамасыз ететін аудандық мәслихаттың аппаратында 5 мемлекеттік қызметші жұмыс жасайды. Мәслихат алғашқы құрылған жылдары аппаратта 3 қызметші болды.

Олар референт Қ.Ермұханов, бас маман А.Маханов, хатшы-машинистка Р.Шоқпарова. Кейіннен ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып Т.Шалабаев қосылды. Бұл азаматтар қазіргідей техниканың дамыған заманындай емес, сессия материалдарын қол машинкасымен басып үлкен қиындықтар арқылы атқарып отырды.

2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап штаттық кестеге аппарат басшысы мен бас маман-бухгалтер қосылды. Аппарат басшысы болып Мыңжасар Досов, бас маман-бухгалтер болып Сәндібек Даулетқалиев бекітілді. Қызметкерлердің зейнеткерлікке шығуына орай бөлім басшысы Болат Бақтыгереев, Бекен Жантолы, Мөлдір Жантөкова, бас мамандар Қ.Тілеумағамбетов, Б.Тұмышев, Ж.Байдушев, А.Айдашева, Рая Базарвалар жұмыс жасады. Олардың кейбіреуі өлі де жұмыс жасауда.


Аудандық мәслихаттың отыз жылдағы тарихына азды-көп шолу жасадық деп есептеймін.

Өкілді органның алдағы уақытта аудан халқының әл-ауқатын арттыру жолында өзіндік оқыны болатыны сөзсіз. Сондықтан өскелең ұрпақтың есіне салу үшін осы шолуды жасадым.

Сәкен Ғазизұлы бастаған депутаттық корпусы және аппарат қызметкерлері мен ардагерлерді мәслихаттардың 30 жылдық мерейтойымен құттықтаймын! Дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге толымды табыс, отбасыларыңызға аманшылық тілеймін.

Берік БИСЕКЕНОВ,
2007-2019 жылдарғы аудандық мәслихат хатшысы,
«Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері.

ТҮРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫН EGOV.KZ ПОРТАЛЫНАН АЛУҒА БОЛАДЫ



Ипотечкалық тұрғын үй қарыздары бойынша бастапқы жарнаның бір бөлігін жабу үшін тұрғын үй сертификаты тұрғын үйге мұқтаж және табыс деңгейі жеткіліксіз отбасыларға беріледі. Сертификат алуға арналған тиісті онлайн-қызмет eGov.kz порталында қолжетімді болды.

Сертификат ҚР Ұлттық Банкі бекіткен ипотечкалық бағдарлама немесе мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша тұрғын үй сатып алынған жағдайда беріледі. Тұрғын үй сертификаттарын алушылар сандарының мөлшері мен тізбесін жергілікті атқарушы органдар айқындайды.

Тұрғын үй сертификаты көлесі жағдайларда әлеуметтік көмек ретінде ұсынылады:

- өтініш берушіде және онымен тұрақты тұратын отбасы мүшелерінде (жұбайы мен көмелетке толмаған балаларының) соңғы 6 айдағы орташа табысы еңбек және/немесе кәсіпкерлік қызметтен белгіленген шектен аспаса;
- орташа табыс зейнетақы аударымдарын, жеке табыс

ПОЛУЧИТЬ ЖИЛИЩНЫЕ СЕРТИФИКАТЫ МОГУТ КАЗАХСТАНЦЫ НА ПОРТАЛЕ EGOV.KZ

Жилищный сертификат для покрытия части первоначального взноса по ипотечному жилищному займу выдаются семьям, нуждающимся в жилье и имеющим недостаточный уровень дохода.

Соответствующая онлайн-услуга на получение сертификата стала доступна на портале электронного правительства eGov.kz.

Сертификат выдается при условии приобретения жилья по ипотечной программе, утвержденной Национальным банком РК или государственной программе жилищного строительства. Размер и перечень категорий получателей жилищных сертификатов определяется местными исполнительными органами.

Жилищный сертификат предоставляется как социальная помощь при следующих условиях:

- у заявителя и постоянно проживающих с ним членов семьи (супруг и несовершеннолетние дети) средний доход за последние 6 месяцев не превышает установленный и/или предпринимательской деятельности;
- средний доход не учитыва-

салығын және басқа да міндетті аударымдарды есепке алмайды;

-23 жасқа дейінгі білім беру мекемелерінде күндізгі оқу нысаны бойынша оқитын балалар қарауға енгізіледі.

Тұрғын үй сертификатын онлайн алу үшін пайдаланушыға:

- eGov.kz порталына кіріп және «Жылжымайтын мүлік» -«Тұрғын үй қатынастары» бөліміне өту қажет;
- «Тұрғын үй сертификаттарын беру» тізімінен таңдап, қажетті жолдарды толтыру керек;
- ЭЦҚ көмегімен өтінімге қол қою қажет;
- қызмет нәтижесімен <https://kezekte.kz/> сайтына Жеке кабинетте танысуға болады. Жаңа қызмет өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің, ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитетінің және «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ ынтымақтастығымен іске асырылды.

Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА,
«ҰАТ» АҚ Қоғаммен байланыс басқармасы.

ет пенсионные отчисления, индивидуальный подоходный налог и другие обязательные отчисления;

-в рассмотрение включаются дети, обучающиеся по очной форме в образовательных учреждениях до 23 лет.

Чтобы получить жилищный сертификат онлайн пользователю необходимо:

- авторизоваться на портале eGov.kz и перейти в раздел «Недвижимость – Жилищные отношения»;
- выбрать из перечня «Выдача жилищных сертификатов» и заполнить необходимые поля;
- подписать заявку с помощью ЭЦП;
- ознакомиться с результатом услуги в Личном кабинете <https://kezekte.kz/>.

Новая услуга реализована при сотрудничестве Министерства промышленности и строительства, Комитета государственных услуг Министерства цифрового развития, инноваций и аэрокосмической промышленности РК и АО «Национальные информационные технологии».

Жайнагул СЕЙДАХМЕТОВА,
Управление по связям с общественностью АО «НИТ».

МЕРЕКЕ КҮНІ МЕМЛЕКЕТТІК ТҮ КӨТЕРІЛДІ

Республика күні Ойылдағы орталық саябақтың Тұтқыр алаңында мерекелік шара ұйымдастырылды. Ту көтеру салтанатты рәсіміне аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық қорғаныс істері бөлімінің ұжымы және жуырда ғана Отан алдындағы міндетті борышын өтеп келген сарбаздар, аудан тұрғындары қатысты. Мемлекеттік әнұран орындалған кезде көк байрағымыз салтанатты түрде көтерілді.



МЕРЕКЕЛІК МАРАПАТ



Республика күніне орай еліміздің дамуына еселі еңбек сіңірген және «AMANAT» партиясының стратегиялық бағытын қолдап, оның бағдарламалық міндеттері мен жобаларын іске асыруға белсене атсалысқан партияластарымызды марапаттау игі дәстүрге айналды. Осыған байланысты мереке қарсаңында «AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының төрағасы Ербол Данағұлов бірнеше азаматқа партиялық наградалар салтанатты түрде тапсырды. Алдымен Астана

қаласында біздің ауданнан партия қызметіне атсалысып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикасы және қоғамдық-саяси дамуына елеулі үлес қосып келген аманаттық депутаттар- Ойыл аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібектің қолынан «Белсенді қызметі үшін» партиялық төсбелгісін алған болса, ал, Сәндібек Нұрбаев Ербол Данағұловтың табыстауымен партияның ең жоғарғы наградасын иеленді.

ЖАСТАРДЫ БІРІҚТІРГЕЧ ЖАРЫС ЖУЫРДА ШАҒЫН ФУТБОЛДАН АУЫЛ ӘКІМІНІҢ «АУЫСПАЛЫ КУБОГЫ» ТУРНИРИ ӨТТІ. ДӘСТҮРЛІ ЖАРЫСҚА НЕГІЗІНЕН АУЫЛ ЖАСТАРЫНАН ҚҰРАЛҒАН 11 КОМАНДА ҚАТЫСТЫ.

Ауыл әкімі де, мектеп директоры да жасыл алаңда доп тепкен жарыс жерлестеріміздің футболға деген қызығушылығын көрсетті. Дәстүрлі жарысқа жан-жақты жерлестерімізден жасақталған 11 команда қатысты. Өрине, командалардың дені әр жылғы ауыл жастарынан құралды. Жарыстың қорытындысында 1995 жылғы жастар турнирдің

жеңімпазы атанып, ауыспалы кубокқа ие болса, Бекет Зұлқашев жарыстың «Үздік ойыншысы» атанса, Бауыржан Жайылхан «Үздік қорғаушы» деп танылды. Мадияр Сапартілеу турнирдің «Үздік қақпашысы» жүлдесіне ие болды.

Атағұлла ДОСНИЯЗҰЛЫ,
Спорт ардагері,
Қараой ауылы.

2025 ЖЫЛДАН БАСТАП ОНЛАЙН МИКРОКРЕДИТ РӘСІМДЕУ ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛЕТІН БОЛДЫ

2025 ЖЫЛДАН БАСТАП ҚАЗАҚСТАНДА ОНЛАЙН МИКРОКРЕДИТ РӘСІМДЕУ КЕЗІНДЕ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ КҮШЕЙТІЛЕТІН БОЛДЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАНК ТӨРАҒАСЫ ТИМУР СҮЛЕЙМЕНОВ ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛҒА БЕРГЕН ЖАУАБЫНДА МӘЛІМДЕДІ.

Ұлттық банк басшысының айтуынша, келер жылдан бастап онлайн микрокредит рәсімдеу кезінде биометриялық сәйкестендіру мен электрондық цифрлық қолтаңбаны қатар қолдану міндетті болады. «Онлайн микроқарыздарды рәсімдеу кезінде 2025 жылғы 1 қантардан бастап биометриялық сәйкестендіруді, сондықтан электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) да бір мезгілде міндетті түрде қолдану талабы енгізіледі. Сондай-ақ, микроқаржы ұйымдары (МКҰ) үшін клиент ақша аударғанға дейін оған банктік шоттың немесе төлем картасының тиесілігін сәйкестендіру талап етіледі», - делінген жауапта. Бұдан басқа, банктер төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру барысында клиент-

тің мобильді нөміріне тексеру кодын жібереді. Осылайша, клиентті үш факторлы тексеру жүзеге асырылады. Сонымен қоса, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі банктерге онлайн кредиттер рәсімдеген кезде өтінім берілгеннен кейін келесі күннен кешіктірмей оны мақұлдауға кеңес берді, осылайша клиент өзіне алаяқтар мәжбүрлеп берген кредиттен бас тарта алатын «шешімді өзгерту» кезеңі енгізіледі. Ұлттық банк басшысы азаматтардың несие алудан өз еркімен бас тарту құқығы бар екенін еске салды. Қазіргі таңда бұл мүмкіндікті шамамен 700 мың қазақстандық пайдаланды.

ЕРБОЛ ЖАНАТ
«Қазақпарат»

«ОЙЫЛ — АРХИВТЕГІ ТАРИХ»

БЕЛГІЛІ ӨЛКЕТАНУШЫ ЖЕРЛЕСІМІЗ НҰРЛАН ЖҰМАҒАЛИЕВ ЖОЛДАСЫ ОЛЕГ ЯРОШЕНКО ЕКЕУІ ЖУЫРДА ОСЫНДАЙ КІТАПТЫ БАСПАДАН ШЫҒАРДЫ. ЕКІ ТОМНАН ТҰРАТЫН КАЛЫҢ ҚАТПАРЛЫ КІТАПТА ОЙЫЛДЫҢ БІРНЕШЕ ҚАСЫРЛЫҚ ТАРИХЫ ҚАМТЫЛҒАН.



Архивтік құжаттармен дәлелденген деректердің ішінде бұрын бізге беймәлім мәліметтер көп. Жуырда белгілі баспагер жерлесіміз Нұрлан Нұрымжанұлы Ақтөбе қаласында екі томдық кітаптың тұсаукесерін өткізді. Негізінен Ақтөбеде тұратын жерлестеріміздің қатысуымен өткен шарада алдымен автор деректерді жинақтау барысы туралы баяндаса, тарих ғылымдарының докторлары Гүлбану Избасарова мен Ұзақбай Исмағұловтар кітаптың екі томына жеке-жеке шолу жасап, кейбір бөлімдеріне ерекше тоқталды. Өйткені, мұнда талай тарихшының ғылыми еңбегіне арқау болар деректер мен бұрын еш жерде жарияланбаған тың құжаттар бар. Мәселен, Қобда мен Орын-

бордың архивінде айлап отырып жиган деректер осы кітаптардағы арнаулы зерттеуге арқау болса керек. Өйткені, әр кітапта 3 мыңнан астам құжат бар. Қазірге дейін сүйеніп келген деректерге қарағанда кейбір құжаттар өңірдің тарихының тым тереңде екенін көрсетеді. Ал, кітаптың тұсауын автор мен Ойыл үшін аяулы ана Қаракөз Қосаева екеуі кесті. Бірнеше кітапты жерлесіміз Ақтөбе облыстық және Қобда аудандық архивтеріне сыйға тартты. Салтанатты сәттен соң сөз алған жерлестеріміз өлкенің тарихын зерттеушінің өлшеусіз еңбегіне тоқталса, аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев аудан әкімінің алғыс хаты мен арнаулы естелік сыйлығын табыстады.

БАЛАЛАРДЫ ҚАРАУСЫЗ ҚАЛДЫРМАЙЫҚ!

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДА ӨМІРГЕ ҚАУІП ТӨНДІРЕТІН ЖАҒДАЙЛАРҒА ТАП БОЛУ ӨТЕ ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ. БАЛАЛАРДЫ ДАЛАҒА ОЙНАУҒА, ҚОНАҚА ЖІБЕРГЕНДЕ НЕМЕСЕ ҮЙДЕ ӨЗДЕРІН ҚАЛДЫРҒАНДА ОЛАРМЕН ЕШ ЖАМАНДЫҚ БОЛМАЙДЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӨМІРІНЕ ЕШҚАНДАЙ ҚАУІП ЖОҚ ДЕП ҮМІТТЕНЕМІЗ.



Өкінішке орай, статистика балалардың кесірінен болатын өрттер, балалар өлімі орын алып жатқан өрттер жиі болып жатқанын көрсетуде. Балалар өрт қауіпсіздігі жайында не білу қажет? Қай жастан бастап балаларды өрт кезінде емес, жану жағдайы кезінде өзін ұстау ережелеріне үйрету керек? Осындай сұрақтардың жауабы бір: балалық шақтан бастап балаларды өрт қауіпсіздігі ережелеріне үйрету керек. Мұндай ережелерді балаларға өз іс-әрекеттерін түсіне бастаған шақта үйреткен дұрыс.

Балаңызбен ашық әңгімелесу үшін бірнеше минут бөліңіз. Балалармен өрт қауіпсіздігі туралы әңгімелесуді ерте жастан бастау керек. Балаға өрт «грамматикасының» негіздерін түсіндіру үшін 3-4 жас оңтайлы деп есептеледі. Бастысы балаға ашық от өте қауіпті екенін, от жаракаттайтын, ауыртатынын, тіпті адам өліміне әкел соқтыру мүмкін екенін түсіндіру қажет. Бала жану және өрт жағдайлары болмау үшін өзін қалай ұстау керектігін немесе жану кезінде не істеу, істемеу керектігін білуі тиіс. Өрт шыққан кезде қалай абыржып қалмау керектігін балаларға үйрету біздің міндетіміз. Көбіне балалар өрт шыққан жағдайларда үрейленіп тығылып қалады. Мұндай жағдайда не істеу керектігін, өзін қалай ұстау қажеттігін және өзіне қандай қауіп төніп

тұрғанын білмеуінің себебінен бала өзін осылай ұстайды. Білім жоқта үрей туындайды. Ең бастысы үрейдің болмауы. Байсалды болсаң және ақылмен әрекет етсең қауіптен құтылу оңай. Үрей мен сасқалақтау – бұл үнемі ақылды шешім табу мүмкіндігін жоғалтады. Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігін ережесін ұстану арқылы, өз балаларыңыздың қауіпсіздігін қолға алыңыз. От, газ, су және тұрмыстық химияны қауіпсіз пайдалануды өз мысалыңызда көрсете отырып, балаңызға қауіпсіздік мәдениетін үйретіңіз. Есіңізде болсын балаңыздың қауіпсіздігі тек сіздің қолыңызда екендігін ұмытпаңыз. Балаңыздың әр басқан қадамын қадағалаңыз, қайда және кіммен болатынын, сіз жұмыста болғанда, күні бойы қандай іспен шұғылданатынын сұраңыз. Кешкі уақытта көшеде балаңыздың қадағалаусыз жүруіне жол бермеңіз. Балаларыңызбен жолға шыққан уақытта, автокөлік ішінде балаларды тасымалдау ережелерін қатаң сақтаңыз. Өз балаңызға жол жүру ережесін үйретіңіз. Жалпы қауіпсіздік ережелері мен нормаларын ұстану өз қауіпсіздігі, денсаулығы мен өмірі үшін қажет екендігін балаңызға түсіндіріңіз. Өрт қауіп туралы ешқашан есіңізден шығармаңыз және сізбен мұндай болмайды деген ойдан аулақ болыңыз !!!

Ойыл ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі

Құттықтау

ОЙЫЛ АУЫЛЫ,
ЖЕЛТОҚСАН КӨШЕСІ №10 ҮЙ ТҰРҒЫНЫ
ӨЛІБЕК ӘДІЛХАНҰЛЫ ӘДІЛХАНОВҚА!



Сізді 30 қазан күні 63 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбегіңіз еленіп құрметті демалысқа шыққан қуанышты күніңіз құтты болсын! Еткен еңбегіңіз бен төккен теріңіз аз емес. Енді сол еңбектің зейнетін көріп, ауырмай-сырқамай, немере-шөберенің ортасында аяулы ата деген атты иеленіп жүре беріңіз!

Құрметті демалысыңыз 100 жасқа дейін ұлассын! Өрбір адамның өзіне тән ғұмыр жолы бар. Сіздің еңбек жолыңыз сан қырлы, соңғы жылдары 17 жыл бойы музей саласына қосқан үлесіңіз өлшеусіз. Сыйластық ұлағатын ұлықтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет болар саналы ғұмыр жолыңызды жастарға үлгі етіп, мақтан тұтамыз.

Сіз өнегелі өмір сүріп келесіз, ұл-қыздарыңыздың қызығы мен қуанышына, немере, жиендеріңіздің сүйіспеншілігіне бөленіп, ағайын-туыс ортасындағы алтын көпірдей қадірлі қалпыңызды сақтап жүре беруіңізге музей ұжымы әрқашан тілектеспіз.

Игі тілекпен: Ш.Бәрсиев атындағы
Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі
ұжымы

КҮЗ

Күз де жетті жанымды жалаңаштап,
Шекесінен біртүрлі қарап асқақ
Қыркүйек, Қазан өтті. Енді аз күнде
Қараша көп тірлікке арапасақ

Күн ызғарын күшейткен одан әрі
Қарашаның үкімі не болады?
Қалың шашы қайыңның дудырайды,
Қап кетті екен қай жерде орамалы?

Көкте көп бұлт жиылып, тарамайды,
Көйде несер жауын боп сабалайды.
Өзі — жожа, өзі — би, Күз жарықтық
Ешкімнің де кеуліне қарамайды.

Екі қолын салғасын Жел жағаға
Оқыс теріс айналды тоңған аға.
(... Күзде жалғыз қалғандай жер бетінде
күй кешетін, дүние-ай, мен ғана ма?)

Күн батқанда көңілің ұлыған сан
Күздің тылсым күйі - осы, ұғына алсаң.
Бұл күндер де өтеді. Аппақ қар боп
қыс жетеді бір күні тірі болсаң...

Бауыржан БАБАЖАНҰЛЫ.

ЕКІ ОЙЫН АЛАҒЫ - БАЛАЛАРҒА МЕРЕКЕЛІК ТАРТУ



Бүгін мереке қарсаңында Ойыл селосында екі ойын алаңы ашылды. Бірі жаңа құрылыс аймағында болса, екіншісі "Жолшы" балабақшасының жанындағы алаңда орналасқан. Ойын алаңының ашылуына орай аудан әкімі Асқар Қазыбаев төңірегінде тұратын балалардың қуанышын бөлісіп, тілегін біл-

дірді. Ақ жаулықты әжелер шашу шашып, ізгі лебіздерін жаудырса, жастар жағы ауылды абаттандыруға байланысты ұсыныстарын жеткізді. Ал, ойын алаңдарының құрылысын қысқа мерзімде "Нұрсәт"Құрылысгрупп" ЖШС-і жүргізді. Осы мақсатқа мемлекет қазынасынан 23 млн. теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Ойыл аудандық аурухана ұжымы Ойыл аудандық ауруханасының асхана бөлімінің қызметкері Несібелі Қаратаеваға бауыры, ағасы Шойманов Ережелтің қайтыс болуына байланысты отбасына, ағайын – туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.